

ЖАҢА КІТАП

Өткен сенбіде С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада үш ақынның жыр жинақтарының тұсауы кесілді. «Жұлдыздар маған қараңдар» атты Ғ.Сапаровтың өлеңдер топтамасы, Ж.Қадырованың «Жетінші қабат» атты жыр жинағы және Б.Баяндының «Ар мен Ай» деп аталатын тырнақалды туындылары оқырман қауымға ұсынылды.

Кітаптар «Рухани мұра» серіктестігінің қайырымдылық қаражатына шығарылған.

Салтанатты шараның өткізілуіне Жазушылар одағының мүшесі, ақын А.Қани, «Руханият» газетінің редакторы Е.Ахметов және кітапхананың әдебиет бөлімінің меңгерушісі Н.Физатқызы ұйтқы болды. Әдеби кеш барысында жас ақындар кітап авторларын құттықтап, өздерінің өлеңдерін оқыды.

«Бүгін «Ақ түйенің қарны жарылған күн» десек артық болмас. Өйткені, бір емес, үш бірдей ақынның кітабы жарық көріп отыр. Ұсынылған жыр жинақтары халық көңілінен шығатынына еш күмәніміз жоқ,-деді кеш соңында Н.Физатқызы.

Р.СЕРІКҰЛЫ.

Шежар. - 2009. - 19 ақпан. - 10 б.